

Оралхан Бөкей (1943-1993)



«Өмір деген тіпті де ғажап емес,
Алтайдың қысы секілді қатыгез, кімдерге
суық, кімдерге ыстық. Дегенмен, өмірді
лағынеттеп, өкінуге де болмайды-ау»



Оралхан Бөкей

Оралхан Бөкей – публицистика, поэзия, проза жанрларын әдемі тоғыстырған қазақ әдебиетінің жаңашыл дара жазушысы. Әр әңгімесінің түбінде бір астарлы ой бұғып жататындықтан оны бірден түсіну қиын. Оралхан Бөкей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Шыңғыстай ауылында дүниеге келді. Әкесі Бөкей табиғатынан қатал, сөзге шешен, рухы биік, шыншыл жан болса, анасы Күлия ақкөңіл, ақжарқын мінезімен көпке үлгілі болған. Отбасында бір ұл - Оралхан, бес қыз – Шолпан, Әймен, Ләззат, Мәншүк, Ғалия. Оралхан дүниеге келгенде сұрапыл соғыс жылдары болғандықтан, әкесі Оралға еңбек майданына аттанған кез болатын. Анасы Күлия әкесі еңбек майданынан аман-есен оралсын деп ырымдап, сәбидің атын Оралхан деп қойған екен. 1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай бітірді. Большенарым ауданындағы "Еңбек туы" газеті мен Шығыс Қазақстан облысының "Коммунизм туы" газетінің редакцияларында жұмыс істеген. 1968 жылдан бастап Алматыда тұрды, жастардың "Лениншіл жас" газеті мен "Жұлдіз" журналының редакцияларында жұмыс істеді. 1991 жылдан бастап "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы болып тағайындалды.



Әдебиетке өзіндік өрнегін сала келген жазушы оқырманын өзгеге ұқсамайтын ерекшелігімен таңқалдырды. 1970 жылы Алматыда басылып шыққан «Қамшыгер» атты повестер мен әңгімелердің бірінші жинағы жаңадан бастаған жазушыны танымал етті. «Қамшыгер» (1970), «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным» (1973), «Мұзтау» (1976, орыс тілінде 1987), «Ән салады шағылдар» (1978, орыс тілінде – 1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984, орыс тілінде 1984) әңгімелер мен повестер жинақтары, «Өз отынды өшірме» (1983; орыс тілінде – 1984) романы, «Құлыным менің (1987) пьесалар жинағы шықты.

Оның барлық прозасы қайырымдылық пен зұлымдық, күш пен қайрат, нағыз және алдамшы рухани құндылықтар туралы ойлауға бағытталған. Оралхан Бөкей – көркем сөз өнерінің шебері. Оның туындыларының форма жағынан өзіндік ерекшелігі бар. Оның кітаптары неміс, славян, болгар, ағылшын, венгер, араб, қытай, жапон және ТМД халықтарының тілдеріне аударылды. О. Бөкейдің шығармалары «Кісікіік», «Сайтан көпір» бойынша көркем фильмдер түсіріліп, «Кербұғы» әңгімесі бойынша балет-спектакль қойылды. 1986 жылы Оралхан Бөкей «Біздің жақта қыс ұзақ» кітабы үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алды. Ол Қазақстанның Ленин комсомолы сыйлығының, Н. Островский атындағы бүкілодақтық әдеби сайлықтың (1978), ”Молодая гвардия”, ”Жалын” баспалар сыйлығының лауреаты. «Құрмет белгісі» орденімен, ҚазСРО Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған. Катон-Қарағай ауданының құрметті азаматы. 1993 жылы мамырда шығармашылық іс-сапар кезінде Үндістанда қайтыс болған.



- ▶ 1970 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан басылып шыққан «Қамшыгер» атты алғашқы жинағы жас жазушының атағын шығарды. Осы баспадан оның «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным?» (1973), «Мұзтау» (1975) әңгімелер мен повестері шығарылды. Оралхан Бөкеевтің «Ән салады шағылдар» (1978), «Үркер ауып барады» (1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984) әңгімелер мен повестері «Жалын» баспасынан жарық көрді. 1986 жылы оның «Құлыным менің» деп аталатын драмалық шығармалары «Өнер» баспасынан, 1987 жылы «Ұйқым келмейді» деп аталатын творчестволық әңгімелері «Жазушы» баспасынан шығарылды.
- ▶ 1976 жылы Оралхан Бөкеев «Құлыным менің» пьесасы үшін Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, 1978 жылы «Найзағай ізі» повестері мен әңгімелері үшін Н. Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты, 1986 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» повестері мен әңгімелері үшін Абай атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты наградаларына ие болды.



Оралхан, балалары Айхан мен Айжан, жазушы Әлібек Асқаров



Шығыс Қазақстан обл.
Катон-Қарағай ауд.
Шыңғыстай ауылындағы О.
Бөкейдің мұражай үйі



«Көрінуші ең көнелердің
көзіндей,
Жазғандарың – қара өлеңнің
сөзіндей,
Асқак едің, нар едің –
Туған өлкең - өр Алтайдың
өзіндей»

С. Тұрғынбеков





Тапсырма

1. Мәтінді оқып, дәптерлеріңе жазыңдар
2. 4 слайдтағы мәтінді аударыңдар